

## Қостанай облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орманды пайдаланғаны үшін 2020 жылға арналған төлемақы мөлшерлемелерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы мәслихатының 2020 жылғы 27 мамырдағы № 496 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 9 маусымда № 9251 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Орман кодексіне, 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 587-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 5-тармағына сәйкес Қостанай облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қостанай облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орманды пайдаланғаны үшін 2020 жылға арналған төлемақы мөлшерлемелері бекітілсін:

- 1) осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес ағаш шырындарын дайындау үшін;
- 2) осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес жанама орман пайдалану үшін;
- 3) осы шешімнің 3-қосымшасына сәйкес қосалқы сүрек ресурстарын дайындау үшін ;
- 4) осы шешімнің 4-қосымшасына сәйкес Қостанай облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерін аңшылық шаруашылығының мұқтажы үшін, ғылыми-зерттеу, сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар үшін, ағаш және бұта тұқымдыларының отырғызу материалдары мен арнайы мақсаттағы плантациялық екпелерді өсіру үшін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облыстық мәслихаты сессиясының төрағасы  
Қостанай облыстық мәслихатының хатшысы

Е. Әбіл  
С. Ещанов

Мәслихаттың  
2020 жылғы 27 мамырдағы  
№ 496 шешіміне  
1 қосымша

### Ағаш шырындарын дайындау үшін төлемақы мөлшерлемелері

| Орман пайдалану түрлері                 | Ормандарды молықтыруға жұмсалған шығындар әдістері |                               |
|---|--|-------------------------------|
|   | Өлшем бірлігі                                      | Төлемақы мөлшерлемесі (теңге) |
| Ағаш шырындарын дайындау (қайың шырыны) | гектар   | 2479                          |

### Жанама орман пайдалану үшін төлемақы мөлшерлемелері

| Орман пайдалану түрлері   | Ормандарды молықтыруға жұмсалған шығындар әдістері |                               |
|---|--|-------------------------------|
|   | Өлшем бірлігі                                      | Төлемақы мөлшерлемесі (теңге) |
| Шөп шабу, оның ішінде шабындық жерлердің сапалы жай-күйінің топтары бойынша:                  |  |                               |
| жақсы   | гектар   | 2707                          |
| қанағаттанарлық   | гектар   | 2030                          |
| нашар   | гектар   | 1579                          |
| Мал жаю, оның ішінде ауыл шаруашылығы жануарларының топтары бойынша бір мал басының жайылымы: |  |                               |
| Ірі мал: ірі қара мал, жылқы  | бір бас  | 1263                          |
| Ірі қара малдың төлі  | бір бас  | 631                           |
| Есек  | бір бас  | 631                           |
| Ешкі  | бір бас  | 1105                          |
| Қой   | бір бас  | 316                           |
| Ара ұялары мен омарта орналастыру   | 1 омарта үшін                                      | 2255,7                        |

### Қосалқы сүрек ресурстарын дайындау үшін төлемақы мөлшерлемелері

| №  | Ағаш және бұта тұқымдарының атауы | Ормандарды молықтыруға жұмсалған шығындар әдістері |   |
|----|-----------------------------------|--|---|
|    |                                   | Өлшем бірлігі                                      | Төлемақы мөлшерлемесі (айлық есептік көрсеткіш) |
| 1. | Қайың                             |  |   |
|    | қабықтар                          | тонна  | 0,016   |
|    | бұтақтар                          | тонна  | 0,032   |
|    | томарлар                          | тонна  | 0,008   |
|    | тамырлар                          | тонна  | 0,048   |
|    | жапырақтар                        | тонна  | 0,024   |
|    | бүршіктер                         | килограмм  | 0,016   |
|    | Қарағай                           |  |   |
|    | қабықтар                          | тонна  | 0,021   |

|    |   |           |       |
|----|---|-----------|-------|
| 2. | бұтақтар  | тонна     | 0,042 |
|    | томарлар  | тонна     | 0,011 |
|    | тамырлар  | тонна     | 0,063 |
|    | жапырақтар  | тонна     | 0,032 |
|    | бүршіктер   | килограмм | 0,021 |
| 3. | Көктерек, терек   |           |       |
|    | қабықтар  | тонна     | 0,011 |
|    | бұтақтар  | тонна     | 0,022 |
|    | томарлар  | тонна     | 0,01  |
|    | тамырлар  | тонна     | 0,033 |
|    | жапырақтар  | тонна     | 0,02  |
|    | бүршіктер   | килограмм | 0,011 |
| 4. | Сары қарағанның, бұта тектес талдардың, шырғанақтың, жүзгіннің, шеңгелдің және өзге де бұталардың бұтақтары | тонна     | 0,024 |

Мәслихаттың  
2020 жылғы 27 мамырдағы  
№ 496 шешіміне  
4 қосымша

**Қостанай облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерін аңшылық шаруашылығының мұқтажы үшін, ғылыми-зерттеу, сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар үшін, ағаш және бұта тұқымдыларының отырғызу материалдары мен арнайы мақсаттағы плантациялық екпелерді өсіру үшін төлемақы мөлшерлемелері**

| Орманды пайдалану түрлері   | Ормандарды молықтыруға жұмсалған шығындар әдістері |  |
|---|--|--|
|   | Өлшем бірлігі                                      | Төлемақы мөлшерлемесі (теңге, айлық есептік көрсеткіш) |
| Ұзақ мерзімді орман пайдалану   |  |  |
| Ағаш және бұта тұқымдыларының отырғызу материалдары мен арнайы мақсаттағы плантациялық екпелерді өсіру үшін | гектар   | 0 теңге  |
| Аңшылық шаруашылығының мұқтажы үшін   | гектар   | 2255,7 теңге   |
| Ғылыми-зерттеу, сауықтыру мақсаттары үшін   | гектар   | 1127,8 теңге   |
| Рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар үшін  | гектар   | 4413 теңге   |
| Қысқа мерзімді орман пайдалану  |  |  |
| Ғылыми-зерттеу, сауықтыру мақсаттары үшін   | адамнан әрбір болған күн үшін                      | 0,1 айлық есептік көрсеткіш                            |
|   |  |  |

|  |                               |                             |
|--|-------------------------------|-----------------------------|
| Рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар үшін | адамнан әрбір болған күн үшін | 0,1 айлық есептік көрсеткіш |
|--|-------------------------------|-----------------------------|

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК